

## Жарғы

|                                     |  |
|-------------------------------------|--|
| <b>Жоба атауы:</b>                  | Жамбыл облысы Шу ауданы бойынша 2021 жылы «Әсия Әлемі» балабақшаны тұзды үңгір бөлмесімен қамтамасыз ету.  |
| <b>Бастамашылар:</b>                | Г.Меликов- Алға ауылдық округінің жекетші маман.<br>Б.Төлегенов – Шу ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бас маманы<br>М.Оспанкулов – Алға ауылдық округінің бас маманы.<br>Е.Інжат- Шу ауданы әкім аппаратының мемлекеттік құқықтық бөлімшесінің бас маманы<br>Б.Боранбай- Шу ауданы әкімдігінің ұйымдастыру-инспекторлық бөлімшесінің бас маманы<br>А.Ченсызбаева- Шу ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің бас маманы.<br>Ф.Байгисиева – Өндіріс ауылдық округінің бас маманы.<br>А.Рахимбаева- Шоқпар ауылдық округінің бас маманы.<br>А.Қуатбек- Шу ауданы әкімдігінің қаржы бөлімінің бас маманы. |
| <b>Жобаның іске асырылу мерзімі</b> | 01.06.2021-01.10.2021ж.  |
| <b>Жобаның негіздемесі</b>          | 1.Шу ауданындағы «Әсия Әлемі» балабақшасын тұзды үңгірмен қамтамасыз ету. Өсіп келе жатқан бүлдіршіндерге білім алудан бөлек денсаулығын, тыныс алу жолдарына коронавирус індетіне қарсы жаттығу жасап, жалпы денсаулығын жақсарту. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI халық денсаулығын және денсаулық сақтау заңына сәйкес.<br>2.Проблема (статмәлімет, соңғы жылдар динамикасы т.б.)<br>Аудан бойынша мектепке дейінгі 38 ұйымда 4044 бала тәрбиеленуде.2020 жылдың наурыз айында етек алған пандемиялық коронавирус салдарынан балабақшаға бару көрсеткіші 31.3% төмендеді.                                  |

|  |  |
|--|--|
| <b>Жобаның өнімі</b>   | <p>Жоба іске асырылған кезде: кішкентай балалар арасында вирустың таралуына жол бермеу, себебі балаларға вакцинация салынбайды. Тыныс алу жолдарына емдік әсері бар. Бұл терапия ылғал жөтел кезінде жақсы көмектеседі. Себебі тұзды булар қақырықтың жылдам әрі оңай шығуына әсер етеді. Сондай ақ бұл терапияларға кей аллергия түрлерінде бару ұсынылады. Тұзды үңгірге барғаннан кейін иммунды глобулиндердің күресу қабілеттілігі жақсаратыны ғылыми дәлелденген. Иммунды глобулиндер дегеніміз- ауыз қуысы мен мұрынның шырышты қабығын вирустармен зиянды бактериялардан қорғайтын жасушалар. Тұзды үңгірдің балабақшада болғаны ата-аналарға тиімді, себебі балаларды арнайы ақылы орталыққа апаруға қажеті жоқ.</p> |
| <b>Жобаның SMART мақсаты</b>   | <p>Шу ауданында Әсия-Әлемі балабақшасында короновируспен күресу мақсатында 2021 жылдың 1 маусымынан 1 қазаны аралығында қолжетімділік жағынан 100% және құны 3 млн теңгені құрайтын тұзды үңгір бөлмесін қамту .</p>   |
| <b>Жобаның міндеті<br/>(Смарт мақсатқа жету үшін не істей керек)</b> | <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Аудан әкіміне жобаны ұсынып, рұқсат алу.</li> <li>2. Ауданның Емханасынан рұқсат қағазын алу.</li> <li>3. Аудандық білім бөлімі ЖСҚ дайындау.</li> <li>4. Аудан әкімдігінің экономика бөлімінен қаржы сұрау.</li> <li>5. Аудан әкімдігінің қаржы бөлімі тендір ойнату.</li> <li>6. Тендрді жеңіп шыққан мекемемен келісім-шартқа отыру.</li> </ol>   |
| <b>Жоба сәттілігінің критерийлері</b>                                | <p>«Әсия Әлемі» балабақшасына жылына 450-500 бала тәрбиеленуде. Пандемия кезінде балалардың келу көрсеткіші 40% төмендеді. Жобамызды іске асыру барысында келу көрсеткіші 100% болатыны анық.</p>  |
| <b>Стейкхолдерлер</b>  | <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Шу ауданы әкімінің аппараты.</li> <li>2. Шу аудандық білім бөлімі</li> <li>3. Орындаушы «Асия Әлемі» балабақшасы</li> </ol>  |

|                           |  |
|---------------------------|--|
|                           | <p>3. Аудан әкімдігінің қаржы бөлімі<br/>4. Аудандық Емхана.<br/>5. Мердігер.</p>  |
| <b>Жобаның шектеулері</b> | <p>*жобалық үшбұрыш<br/>1. 3-6 жас аралығындағы балалар.<br/>2. Бір сеанс -30 минут.<br/>3. Қаржат 3,0 млн.<br/>4. Үңгірдің ішінде 18-20С.</p>   |
| <b>Жоба тәуекелдері</b>   | <p>1. Қаржының уақытында бөлінбеуі.<br/>2. Аудандық білім бөлімінен рұқсат алу кезінде қиындық туындауы.<br/>3. Тендр ойнатқан кезде Мердігердің шықпауы.<br/>4. Ата- аналардың келіспеуі.</p> |